

КМҚК «№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚША»

**№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС**  
**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ**

**«БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ  
«№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ**

**ХАТТАМА №1**

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен міндеттемелерін бекіту.
2. Жаңа оқу жылына қолдануға рұқсат етілген әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.  
Жауапты, әдіскер
3. Балабақша педагогикалық ұжымын 2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективтік жоспары мен циклограммасы үлгісімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.  
Жауапты, әдіскер
4. Аттестаттау комиссиясының құрамын, педагогикалық кеңестің төрайымы мен хатшысын сайлау, бекіту.
5. «Кітап бұрышы» көрмесін ұйымдастыру  
Тренинг  
Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілері, психолог
6. Педагогикалық кеңестің шешімі.

**І ТЫНДАЛДЫ:**

Балабақша меңгерушісі: Ш.А.Мухаметрахимова педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, педагогикалық кеңесті ашық деп жариялады. Өткен 2021-2022 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстарды айтып, жетістіктерге тоқталды. Былтырғы жылдық міндеттеме бойынша алынған жаңа технологияларды балабақшада қолдану тақырыбында көптеген жұмыстар атқарылды, қорытындысында әдістемелік құрал шығардық. Бұл үлкен жетістік. Сондай-ақ педагогтардың сапалық тізімімен таныстырды. Биылғы жылы кіші топ -1, ортаңғы топ -2, ересек топ -1, мектепалды-2 топтан болатынын айтып, әр тәрбиешінің қайсысы қай топта жұмыс атқаратынын айтып өтті. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің төрайымы мен хатшысын сайлау керектігін айтып өтті. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт туралы, ондағы өзгерістер туралы айтып бұйрықтарымен таныстырды. Келесі сөз кезегі балабақша әдіскері: Ғ.Б.Кулджина-ға берілді.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Әдіскер биылғы жылдық міндеттемемен таныстырды.

1. Коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорын байыту, шығарманы айтып беру, талдау сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру.

2. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулықтарын нығайту мақсатында дәстүрден тыс құралдарды қолдану арқылы сауықтыру іс-шараларын жүзеге асыру.

### **ШЕШІМ:**

Балабақшаның жылдық жоспары мен міндеттемелерін бекітілсін

### **II ТЫНДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша, жаңа оқу жылына қолдануға рұқсат етілген әдістемелік нұсқаулық хат, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттағы өзгерістер, үлгілік жоспардағы өзгерістермен балабақша әдіскері таныстырды. Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйек № 394 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №577 бұйрығына 1-қосымша, өзгерістерді атап, слайд арқылы көрсетті. Жас кезеңдері және жас топтарымен таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары 1-қосымша, 2-қосымша тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы үлгісімен таныстырды. Сонымен қатар, дамытушы ортаны ұйымдастыру (ҚР БҒМ №70 бұйрығы), Қауіпсіздік талаптарын күшейту (ҚР БҒМ №122 бұйрығы), Тәрбиешілердің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесі (ҚР БҒМ №130 бұйрығымен) таныстырды.

### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

1. Әдіскер: Ғ.Б. Кулджина -Педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау :ойын арқылы оқыту түрлі балалар әрекетін кіріктіру арқылы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарына, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады,- деп атап өтті.

2. Б.Р. Масакбаева – жас ерекшелігіне сай, өз тобында дамытушы ортаны ұйымдастыратынын атап өтті;

3. Р.К. Абдилдаева тобында кітап бұрышы бар екенін, ата-аналармен тағыда кітап бұрышын толықтыратынын айтты. Балалардың ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті

байыту, мәдениетті қарым-қатынасты игертуге осы кітап бұрышының пайдасы көп деп ойлаймын.

### **ШЕШІМ:**

1. 2022-2023 оқу жылындағы өзгерістермен таныстырылсын.

Жауапты әдіскер

Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

2. Топтардағы кітап бұрыштары толықтырылсын

Жауапты әдіскер.

Орындалу мерзімі 2021 жылдың 01 қыркүйекке дейін.

### **ІІІ ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша тәрбиешісі: Б.Р.Масакбаева педагогикалық ұжымды 2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективтік жоспары мен циклограммасы үлгісімен таныстырды.

Педагог үшін міндетті құжаттар: перспективалық жоспар (1-қосымша); циклограмма (2-қосымша); бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметі, ұйымдастырылған іс-әрекет болып өзгертілді. Жоспарды құру барысында ұйым атауы, тобы, баланың жасы, айы, күні жазылады. Перспективалық жоспарда тақырып жазылмайды, тек міндеттер жазамыз. Циклограмманы перспективаны негізге ала отырып толтырамыз,- деп слайдтан көрсетіп, түсіндіріп берді.

Әдіскер сөз алып, биылғы оқу жылында тәрбиешілер келелі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын өзгертіп алды. Атап айтқанда, «Өрлеу» институтында біліктілікті көтеру курстарына қатысу, баспа беттеріне мақалалар шығару, онлайн арқылы конкурстарға қатысу жоспарланған. Сондай-ақ, биылғы оқу жылында педагогикалық процесті ұйымдастыру барысында көмекті қажет ететін жас мамандар: Сәду Н.Б.-ға тәлімгер бірінші санатты тәрбиеші ретінде Масакбаева Б.Р., жас маман: Каппар С.С.-ға тәлімгер педагог –модератор, тәрбиеші Сатпаева Д.Қ., бекітуді ұсынамын деп сөзін аяқтады. Ұсынысты қалған педагогтар бірауыздан қолдады.

### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

1. Тәрбиеші: Бугенбаева Г.Ж. биыл өзгерістер көп болғандықтан өз тарапымнан түсінбеушілік болды. Бүгінгі педагогикалық кеңесте көрстелген перспективалық жоспар, ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасынан жақсы түсінік алдым.

### **ШЕШІМ:**

1. 2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективтік жоспары мен циклограммасы үлгісімен таныстырылсын.

Жауапты меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер.

Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

#### IV. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі: Ш.А.Мухаметрахимова 2022-2023 оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамын сайлап бекіту керектігін айта отырып 2021-2022 оқу жылында болған аттестаттау комиссиясы мүшелерін еске түсіріп айтты. Олар: аттестаттау комиссиясының төрайымы: Ш.А.Мухаметрахимова, хатшысы: Ғ.Б.Кулджина, мүшелері: Б.Р.Масакбаева, Е.Ш.Сүлеймен. Биылғы оқу жылында аттестаттау комиссия мүшелері: психолог: Дарибаева Г.Н., бірінші санатты тәрбиеші Б.Р.Масакбаева, хатшы: Ғ.Б.Кулджина болсын деген ұсыныс айтты. Тәрбиеші: Сатпаева аттестаттау тесттен өтіп педагог-модератор санатын алғандығы туралы айтып өтті. Сонымен қатар, меңгеруші: Ш.А.Мухаметрахимова педагогикалық кеңестің хатшысы өз ісіне тыңғылықты, уақытында орындайтындығын, жұмысына аса жауапкершілікпен қарайтындығын айтып, хатшы орнында қала берсін деген ұсыныс білдірді. «АМАНАТ» партиясының төрайымы Ш.А.Мухаметрахимова, хатшысы: Д.Қ.Сатпаева, кәсіподақ ұйымының төрайымы Б.Р.Масакбаева қала берсін деген ұсыныс айтылды. Ұжым бір ауыздан қолдады.

#### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Тәрбиеші: Рысбекова Н.Ж. сөз алып аттестаттау комиссиясының төрайымы ретінде балабақша меңгерушісі: Ш.А.Мухаметрахимова, ал хатшысы болып Ғ.Б.Кулджина, мүшелері: Б.Р.Масакбаева, Г.Н.Дарибаева болуына қарсы емес екенін айтты.
2. Б.Шалқарқызы педагогикалық кеңестің төрайымы мен хатшысына да қарсылығы жоқ екенін білдірді.

#### ШЕШІМ:

1. Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып балабақша меңгерушісі : Ш.А.Мухаметрахимова , хатшысы Ғ.Б.Кулджина, мүшелері тәрбиешілер: Б.Р.Масакбаева, Г.Н.Дарибаева және кәсіподақ комитетінің төрайымы: Б.Р.Масакбаева , «АМАНАТ» партиясының төрайымы Ш.А.Мухаметрахимова, хатшысы: Д.Қ.Сатпаева сайлансын. Осы сайланған комиссия құрамы жоспарға сәйкес жұмыстарды атқарсын.

Жауапты: меңгеруші, әдіскер

#### V. ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша кітап бұрышы көрмесі ұйымдастырылды. Кітап бұрышын жасауда әр топ ата-аналарды да ұйымдастыраған. Әр түрлі материалдардан жасалған кітаптар қойылды. Сондай-ақ балабақша: психологы педагогтармен тренинг өткізді.

##### «Ат арба» тренингі

Педагогтар өзара тұрып ат арба құрастырып шығулары керек. Ат арбаны құрастыру арқылы олар жылдамдыққа, ауызбіршілікте болуға үйрене отырып, ойдың дамуына ықтимал жасайды. Олар бірігіп тұрып берілген уақыт ішінде ат арбаны ойлап, бірігіп жасап шығуы керек. Бірі көш бастар жылқы, бірі ауыртпалық көтерер арба қорабы немесе шанағы, бірі тіпті үнемі белсенділік көрсетіп, демеуші болар бағанасы болуы қажет. Бұл тренинг арқылы біз, ұжымды ауызбіршілікке шақыра отырып ұйымдастырушылық қабілетті дамыта аламыз. Ат – ойын барысында аттың рөлін сомдаған адамдар көбіне өздері лидерлікке жақын жүретін адамдар болып есептеледі. Әрқашанда көш бастап, тобын үнемі ілгері алып жүретіндер.

**Ат үстіндегі бағыт беруші** – ол үнемі қол астындағыларға және қасындағы адамдарға бағыт көрсетуге ешқашан жалықпайтын адамдар.

**Арба қорабы** – ол әрқашан барлық ауыртпалықты алып жүріп, кейін көрінбей, еленбей қалыпта жатады. Ол адамдар өздері де көпшілік ортаға шыққанды жақтыра бермейтін адамдар.

**Арба қорабындағы адам** – ол лидер болып келеді. Бірақ, бұндай адамдар көбіне жасалатын жұмысты өздері жасай бермейді. Кейде жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүріп кететіндері де болып жатады.

**Арба бағанасы** – ойын барысында ат ат бағанасының рөлін ойнаған адамдар бұл жауапты рөлдегі адамдар. Олар үнемі достары тарапынан айтылған сөзді жерге тастамай көмектесіп, қол ұшын беретін адамдарды айтуға болады.

**Арбаның 4 дөңгелегі** – оларға ауыртпалық түскенімен лидерлікке жақын емес адамдар. Көбіне лидер адамның айтқанымен жүріп тұрып, өз ойын ашық білдіре алмайтын адамдар болып жатады.

#### **ШЕШІМ:**

1. Ұйымдастырылған кітап бұрышы көрмесі қанағаттанарлық деп есептелінсін.  
Жауапты: топ тәрбиешілері.
2. Педагогтармен жүргізілген тренинг жалғасын тапсын

Жауапты: психолог

#### **VI. ТЫҢДАЛДЫ:**

Алтыншы мәселе бойынша педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау.

**№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:**

1. 2022-2023 оқу жылының балабақша жылдық жоспары мен жылдық міндеттемесі бекітілсін.

Мерзімі: 01.09.2023 жыл

**Жауаптылар:** әдіскер, педагогтар

2. Қазақстан Республикасы оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйек № 394 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №577 бұйрығына 1- қосымша, 2022-2023 оқу жылындағы өзгерістермен таныстырылсын

**Мерзімі: 1-апта**

**Жауапты: әдіскер**

3. 2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективтік жоспары мен циклограммасы үлгісімен таныстырылсын.

**Мерзімі: 1-апта**

**Жауапты: әдіскер**

4. Аттестаттау комиссиясының құрамы, педагогикалық кеңестің төрайымы мен хатшысы бекітіліп, сайлансын.

**Мерзімі: үнемі**

**Жауаптылар:** әдіскер, тәрбиешілер

5. Ұйымдастырылған кітап бұрышы көрмесі, педагогтармен жүргізілген тренинг қанағаттанарлық деп есептелінсін. Әрі қарай жалғасын тапсын.

**Мерзімі: үнемі**

**Жауаптылар:** әдіскер, тәрбиешілер

6. Педагогикалық кеңестің шешімі бір ауыздан қабылданды.

**Педагогикалық кеңестің төрайымы:**

**Педагогикалық кеңестің хатшысы:**

Ш.А.Мухаметрахимова

Ғ.Б.Кулджина

